

Құрметті
жерлестер!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Мемлекеттік рәміздер – бұл мемлекеттілігіміздің белгісі, әрбір қазақстандықтың мақтанышы мен абыройы. Қазақстан Республикасының Туы, Елтаңбасы мен Өнұраны біздің егемендігімізді, халықтың бірлігін және оның жарқын болашаққа деген сенімін білдіреді.

Еліміздің Мемлекеттік рәміздері – Түркі қағанатының Бөрілі байрағы мен үш жүздің басын қосқан Абылай ханның ақ туының заңды жалғасы, тереңнен тамыр тартқан мемлекеттілігіміздің белгісі. Мемлекеттік рәміздер ғасырлар бойғы дәстүрлеріміз бен ұлттық тарихымыздың, бабаларымыз салып кеткен дара жолымыздың және халқымыздың асқақ рухын бейнелейді.

Бұл мереке бізге Тәуелсіздік құндылығын және Отан үшін жауапкершілікті есімізге салады. Қазақстанның Туы әрдайым көкте желбіреп, бізді жаңа жетістіктерге шабыттандырсын! Бірлігіміз нығайып, Отанымыз өркендей берсін!

Мереке құтты болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі

Нұркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

● 4 МАУСЫМ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ КҮНІ

Төрдің сәні – төл рәміздер

Рәміз – елдің жаны, Туы – ары, Елтаңба – тарихтың табы, ал Өнұран – ұлт жүрегінің үні. Әр халықтың кәдір тұтқан байрағы, елдігін әйгілейтін таңбасы, рухын тербейтін сарыны болады. Қарға тамырлы қазақтың сан ғасырлық тарихына көз жүгіртсең, қай кезеңде де «Тудан айырылу» – тәуелсіздіктен айырылумен бірдей болған. Қазыналы қарттардың «Туың жығылмасын!» деп бата беруі де содан болса керек. Ел намысы сынға түскен сәтте ту ұстаған батыр жығылса, мысы басылып, ал, Ту желбіресе, рухы асқақтаған. Бүгінгі Көк Туымыздағы күнді құшқан қыранымыз да, шаңырақ қасиетіне негізделген Елтаңбамыз бен жүрек тербейтін Өнұранымыз да – қазақтың терең тарихын, ел мұратын, азаттықтан нәр алған арманын бейнелейді. Рәміздеріміз – Көк түріктерден жеткен кие, Абылай ханнан қалған аманат, Тәуелсіздіктің тұмары.

 **Жәлел ШАЛҚАР,**
«Ortalyq Qazaqstan»



Қолында асқарған Шаңыр Аманжол

Тәуелсіздікке қол жетіп, дербес даму жолына түскелі 34 жыл болса, Мемлекеттік рәміздердің қабылданғанына 33 жыл толып отыр. Осы уақыт аралығында рәміздеріміз өзгерістермен толығып отырды.

Атап айтсақ, Елтаңбаның төменгі жағындағы «Қазақстан» деген жазудың екі шетіндегі арыстан мен бөрінің бейнесі кейін-

гі өзгерістер кезінде қосылған. Ал, қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіру мақсатында 2018 жылдың 1 қарашасынан бастап, елтаңбадағы «Қазақстан» жазуы латынша «QAZAQSTAN» деп өзгертілді.

Көк Ту – көк түріктерден қалған рухани мұра. Түрік қағандары көк аспанды Тәңірге балаған. Сондықтан да, көк түс қасиетті түс саналған. Бүгінгі Қазақстанның

Мемлекеттік Туының көк түсі – сол рухани сабақтастықтың куәсі.

Ту авторы Шәкен Ниязбековтің айтуынша, алғашында тудың Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрін символдық тұрғыда бейнелейтін сабын жағалай салынған ұлттық өрнектер алғашында қызыл түсті болыпты. Кейін ол алтын түспен ауыстырылып, күн мен қыран құсты дәл ортаға ор-

наластыру ұйғарылған. Қазір осы өзгерістердің арқасында Туымыз әлемдегі ең тартымды әрі мағыналы тулар қатарына жатады екен.

Мемлекеттік Өнұран да екі рет ауысыпты. Алғашқы 1992 жылы қабылданған Өнұранның жаттауға ыңғайсыз әрі мәтіні күрделі екендігі айтылып жүрсе, 2000 жылдары Өнұранды ауыстыру туралы пікір ашық айтыла бастапты. 2006 жылы

қазіргі Өнұран бекітілді. Бұл туындының алғаш рет тың игеруге байланысты Шәмші Қалдаяқов пен Жүмекен Нәжімеденовтің бірігіп жазғаны белгілі. Кейін мәтініне Тұңғыш Президент түзету енгізіп, бекітілді.

Францияның «Марсельезасы» – төңкерістің, күрестің әнұраны, ал Германияның әнұраны елдің бірлігіне үн қатса, Қазақстанның Өнұраны – елдік пен еркіндіктің, бейбітшілік пен берекенің жыры, қазақтың жүрегінен шыққан үн.

Ал, Елтаңбамыздың ортасындағы шаңырақ бейнесі – бүкіл қазақтың біртұтастығын білдіреді. Мұндай рәміз басқа елдердің елтаңбаларында сирек кездеседі. Қазақ Елтаңбасындағы шаңырақ, уық, пырақ, жұлдыз сияқты элементтер – көшпенді мәдениетіміздің, тарихымыздың және дүниетанымымыздың көркем көрінісі.

Әлем елдерінің рәміздері әр ұлттың тағдыры мен тарихының көрінісі десек, қазақ рәміздерінің тамыры да тереңде жатыр. Ол Көк Түріктерден бастау алып, қазақ хандығы мен «Алашорда» тұсында тағдырдың тезінен өтіп, Тәуелсіздікпен ұласып, Мәңгілік Ел идеясымен биіктеп келеді. Ендеше, Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері – ұлттық болмыстың көрінісі, тарихи жадымыздың жалғасы, ұрпаққа аманат болатын мемлекетіміздің символы, елдігіміздің төлқұжаты!

Ту – көгіміздің тынысы. Өнұран – жанымыздың дауысы. Елтаңба – еңсеміздің тік болмысы.

Көк Ту мәңгі желбіреп, Өнұран – мәңгі шырқалсын! Елтаңба – мәңгі жарқырап тұрсын! Бұл – біздің тілегіміз емес, сертіміз!

Жаңа жүйе жастарды жарылқайды

Биыл қала мен аудандардың Мансап орталықтары жазда жоғары сынып оқушылары мен студенттерге арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру практикасын жалғастыруда. Бұл жұмыстар алдын ала кәсіби дайындықты қажет етпейді және бюджеттен қаржыландырылады.

 **Аяулым СОВЕТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жүйе жастарға оқудан бос уақытта жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді. Ай сайынғы жалақы – 157 280 теңге. Биыл 1 025 студент пен жоғары сынып оқушыларын уақытша жұмысқа орналастыру жоспарланған.

– Жоғары оқу орындары мен колледждердің түлектерін жұмысқа орналастыру, сондай-ақ, жазғы демалыс кезінде оқушыларды жұмыспен қамтуды ұйымдастыру жалғасуда. Қантар айынан бастап, облыстың білім беру мекемелерінде жұмыс берушілердің қатысуымен 21 мамандандырылған бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өтті. Маусымда 13 бос жұмыс орындар жәрмеңкесін қалалар мен аудандарда өткізу жоспарлануда, – деп атап өтті облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Мұхтар Төлеу.

Басқарма басшысының айтуынша, жоғары оқу орындары мен колледждердің түлектері Мансап орталықтарына жүгінгенде «Жастар практикасы», «Бірінші жұмыс орны» және «Ұр-



пақтар келісімшарты» жобалары шеңберінде мемлекет субсидиялайтын уақытша жұмысқа орналасу ұсынылады. Бұл бағдарламалар жас мамандарды еңбек нарығына бейімдеуге бағытталған.

Осы орайда қолайлы кәсіби бағытты таңдауға көмек көрсету мақсатында электрондық еңбек биржасында «Мансап компасы» платформасы іске қосылған. Платформа мансаптық қызығушылықтарды кәсіби бағдар беру тесттері арқылы түсінуге, сұранысқа не мамандықтар туралы ақпарат алуға, оқу орнын таңдауға көмектеседі.

Жалпы, облыс жастарының жұмысқа орналасуы жайлы аймақ басшысы атап өтті.

– Оқушылар мен студенттерді жұмыспен қамту үшін алдағы жазғы демалыс кезеңінде бірқатар бағдарламалар мен бастамалар жоспарға сай іске асырылуы тиіс. Жастарға мамандық таңдауда жан-жақты бағыт-бағдар берілгені жөн, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Қоғамдық жұмыстарға қатысқысы келетін жоғары сынып оқушылары мен студенттер тұрғылықты жері бойынша қала және аудан Мансап орталықтары-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

на жүгінуі қажет. Осы үшін Enbek.kz электрондық еңбек биржасы платформасында «Менің жазғы демалысым» арнайы бөлімі іске қосылған.

– Бұл бөлім – оқушылар мен студенттерге 14 жастан бастап платформа тіркелуге, жеке кабинет құруға, түйіндемелерді оқушыларға және жұмыс іздеуге мүмкіндік. 16 жасқа дейінгі балалар үшін жеке кабинетті тіркеу және құру заңды өкілдер (ата-аналар, камкоршылар) арқылы жүзеге асырылады. Платформа цифрлық жұмыспен қамту құралдарымен жұмыс істеудің алғашқы кәсіби тәжірибесі мен дағдыларын алады. Қауіпсіз жұмыс іздеу және еңбек дағдыларын қалыптастыру көзделген, – деп атап өтті Мұхтар Төлеу.

Сондай-ақ, skills.Enbek платформасы мектеп оқушыларына жаңа дағдыларды игеруге немесе бұрыннан бар дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік беретін әртүрлі салаларда тегін және ақылы курстардың кең таңдауын ұсынады. Бүгінгі таңда платформада 1 294 курс бар, оның 322-сі – тегін.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр. Жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, редакцияда және Kaspi QR арқылы ресімдеуге болады

Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / ҚАЛА
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6 ай 10 447,44 тг
Жеке жазылушылар	6 айға 3 386,60 тг

Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / АУДАН / АУЫЛ
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6 айға 5 882,60 тг
Жеке жазылушылар	6 айға 3 074,60 тг

Анықтама телефоны:
☎ 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.
✉ E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Мекенжайымыз:
Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат

• ТАҒЫМ

Ұрпақ үнсіз қалмайды

31 мамыр – халқымыздың жүрегіне өшпес таңба болып ба-
сылған қаралы күн. Бұл – XX ғасырдың 20-50-жылдары орын
алған саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын еске
алу күні. Дәл осы күні облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Коб-
жанов пен 21 елдің дипломатиялық миссиясының өкілі Спасск
мемориалдық зиратына барып, ескерткіш белгілерге гүл шоқта-
рын қойды. Бабалар рухына тағзым етті.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қарлаг музейіне барғанда есімдер жазылған тақтаға қарап, ата-бабамыздың ерлігі еске түседі. Бұл күн – баршамыз үшін қаралы күн. Әрі үлкен сабақ. Әр мемле-
кеттің өкілдері осында тағзым жасауға арнайы келеді, – деді «Қа-
рағанды облысының Азаматтық альянсы» заңды тұлғалар бірлесті-
гінің президенті Дмитрий Полто-
ренко.

Сол қатыгез дәуірде қазақ халқының қонақжайлылығының және Қазақстанға күштеп жер ау-
дарылған барлық этностардың өзара бірлігінің арқасында ел қал-
тал жылдарға төтеп бере алды.

– Коммунизм жүйесі тек бір ұлтқа ғана емес, барлық ұлтқа қарсы жұмыс істеді. Салдарынан миллиондаған адам қаза тапты. Арасында әр ұлттың өкілдері бар. Біз бұл оқиғаны мәңгі ұмытпаймыз. Жыл сайын осы жерде бас қосып, марқұмдарды еске алып отырамыз, – деді Польша Респу-
бликасының Қазақстандағы ел-
шілігінің уақытша сенімді өкілі Михаил Лабенда.

«Өткен толқынды, олардың азапты өмірін есте сақтау – біздің қасиетті парызымыз», – дейді

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті тарих фа-
культетінің деканы Жамбыл Жұ-
мабеков.

– Кеңес Одағының көлемін-
де алсақ, миллиондаған адамның тағдыры жатыр. Ал, бір ғана об-
лыстың өзінде, яғни, Қарағанды лагерьінде бір миллионнан астам адамның өмірі бар. Дәл осындай қаралы күндерімізден сабақ алып, қайта қайталанбас үшін тағзым етіп, тәлім алуымыз керек. Бұл – тарихшылар үшін маңызды күн. Себебі, талай жылдан бері бұл оқиға жайлы кеңінен айтылып, жазылған жоқ. Бертін келе айтыла да, жазыла да бастады. Бірақ, осы бір оқиғаны жариялау үшін архив құжаттары керек болды. Ал, құжаттар құпия сақталған. 2020 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жар-
лығы шыққан болатын. Яғни, осы оқиғаға байланысты барлық құ-
жаттармен мемлекеттік комиссия жұмыс істеді. Көп мәселелерге енді ғана көзіміз жетіп отырған-
дай. Дегенмен, әлі де атқаратын жұмыстар көп, – дейді ол.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• КОНФЕРЕНЦИЯ

Медицинаның мол мүмкіндігі

Кеше Қарағанды ме-
дицина университетінде
«Медициналық білім 4.0:
Жаһандық трендтер және
локалды шешімдер» атты
медициналық білім беру
бойынша VII Орта Ази-
ялық халықаралық ғылы-
ми-тәжірибелік конферен-
циясы бастау алды. Бас
қосу медициналық білім
берудегі заманауи жаһан-
дық тенденциялар мен ин-
новациялар, Қазақстан мен
Орталық Азия елдеріндегі
медициналық оқытудың
ерекшеліктері мен мәселе-
лері, цифрлық трансформа-
ция, симуляциялық оқыту,
жасанды интеллект және те-
лемедицинаның ролі сынды
тақырыптарды қамтыды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Халықаралық деңгей-
дегі жиын оқу орнының 75
жылдығы аясында ұйымда-
стырылғанын атап өту ләзім.
Конференцияның салтанатты
ашылу рәсімінде Денсаулық
сақтау вице-министрі Тимур
Мұратов Мемлекет басшы-
сы Қасым-Жомарт Тоқаевтың
құттықтауын жеткізді. Сөз
алған облыс әкімі Ермағанбет
Бөлекпаев та оқу орнын ме-
рейлі тоймен құттықтап, оның
ғасырға жуық уақыт ішінде
өңірдің ғана емес, ел медици-
насын дамытуға сүбелі үлес
қосқанын атап өтті.

– 75 жылда университет
қабырғасынан 47 мың маман
түлеп ұшты, оның 40 мыңы
– дәрігерлер. Төрегелді Шар-
манов, Салидат Қайырбекова,
Анатолий Дерновой сынды
түлектері Денсаулық сақтау
министрі болып қызмет етті.
Сонымен қатар, өз ісінің хас
шеберлері, елде ғана емес, шет
елдерде де мәлім академик
профессорларымыз – Раушан
Досмағамбетова, Валентина
Сирота, Бауэр Алтынбеков,
елімізде алғашқылардың бірі
болып эндоскопиялық опера-
цияларды енгізген Серік Токпа-
нов, Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік сыйлығының лау-
реаты Ахмет Алдашев бар.

Мемлекет денсаулық сақтау



саласын модернизациялау үшін
көптеген шаралар қабылдауда.
Бірақ, мықты академиялық база-
сыз, біздікіндей университеттерсіз
қолға алып жатқан реформалар
жүзеге аспақ емес. Осы конферен-
ция тәжірибе алмасу ғана емес, ме-
дициналық білім берудегі маңызды
міндеттер мен жаңа перспектива-
ларды айқындауға, осы саладағы
мемлекеттік саясатты әрі қарай ре-
формалауға ғылыми негіздемелер
мен ұсыныстар береді деп сенемін,
– деді Ермағанбет Қабулаулы.

Пленарлық отырыста Қазақстан
Республикасындағы Дүниежүзілік
денсаулық сақтау ұйымының өкілі
Сыла Скендер, облыстық мәсли-
хаттың әлеуметтік-мәдени даму
және халықты әлеуметтік қорғау
жөніндегі тұрақты комиссиясының
төрағасы Қадияша Оспанова, елдегі
аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз

агенттігінің бас директоры Алина
Жұмағұлова лебіздерін білдірді.
Қарағанды медицина универ-
ситеті ректорының міндетін атқа-
рушы Виктор Риклефс мерейлі
жылда ұйымдастырылып оты-
рған шараның ерекше маңызға ие
екенін айтты.

Кешегі күні «Жасанды интел-
лект, колжетімділік және рефлек-
сивті оқыту: медициналық білім
берудегі 4.0 соқыр нүктелерін
анықтау», «Медициналық білім
беру жүйесін дамыту: дәстүрлер,
инновациялар, перспективалар»,
«Орталық Азияда тағамтану және
диетология саласында білім беру
және зерттеу әлеуетін арттыру»
(BERNICA) жобасын іске асы-
рудың негізгі нәтижелері сынды
тақырыптар бойынша секция жұ-
мыс істеді.

– «Орталық Азияда тағамта-

ну және диетология саласында
білім беру және зерттеу әлеуетін
арттыру» Erasmus Plus бағдарла-
масы Орталық Азиядағы бірнеше
меднициналық жоғары оқу орында-
рында қолға алынған. Ол оқу про-
цесінде нутрициология бойынша
модульдерді енгізуді көздейді. Бұл
халықаралық жобаға Қазақстан,
Өзбекстан, Тәжікстан, сондай-ақ,
Аустрия мен Түркия елдерінің де
оқу орындары енді. Өзірленген бір-
неше модуль биылғы оқу жылынан
бастап, білім беру процесіне қо-
сылып, оқытыла бастайды. Неге
бұл тақырып маңызды дейтін бол-
сақ, «Ас – адам арқауы», әсіресе,
дұрыс тамақтану қазіргі қоғам
үшін өзекті. Осы конференция-
да дұрыс тамақтану, диетология
бойынша жобаларды ұсынамыз,
– деді Erasmus Plus бағдарламасы-
ның Орталық Азия бойынша үй-
лестірушісі Кеңеш Джусупов.

Әлемнің оннан астам елінен
жиналған медициналық универ-
ситеттердің оқытушылары мен
ғалымдары, денсаулық сақтау
саласының мамандары, халықа-
ралық сарапшылар мен серікте-
стер медициналық білім берудегі
жаңашылдықтарды қаузады. Екі
күнге созылған бас қосу бүгін
аяқталуы тиіс. Ұйымдастырушы-
лар конференция нәтижесінде
жинақталған тәжірибе алдағы
уақытта оқу орнының білім беру
процесінде қолданылатынын жет-
кізді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІГАЛЫМ

Бала қауіпсіздігі – басты назарда

Балалардың қауіпсіздігі – жыл он екі назардан түспейтін мәселе десек, жазда айрықша көңіл
бөлуді талап ететіні рас. Осы ретте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Балалардың
қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықтарын қорғау, олардың жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай
жасау – мемлекеттің саясаттың ең басты басымдығы», – деп ерекше атап өткенін еске саламыз. Пре-
зидент бытыр: «Салалық министрлік болсын, әкімдік немесе құқық қорғау құрылымы болсын,
үзкілетті органдардың бәрі өз қызметін мүлтіксіз орындап, жұмысын үйлестіруі керек. Бақытты ба-
лалықтың негізі – отбасы институты екенін және солай болып қала беретінін түсінген жөн», – деген
болатын. Десе де, балалардың қауіпсіздік мәселесі жыл сайын өзектілігін жояр емес.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаз мезгілінде балалар ара-
сындағы жазатайым оқиғалардың,
оның ішінде, терезеден құлау фак-
тілерінің жиілеуі – бала қауіпсізді-
гін тиісті деңгейде қамтамасыз
етпеудің салдары. Бұл бір жағы
Президент айтып отырған отба-
сы институтындағы ата-ана жау-
апкершілігін де көрсетіп отыр.
Маңызды тақырып айналасында
сала мамандары өңірлік комму-
никациялар қызметі алаңында ой
өрбітті.

Қарағанды облысы төтенше
жағдайлардың алдын алу басқар-
масының инженері, азаматтық
қорғау капитаны Әсем Қалдыба-
еваның айтуынша, департамент
мамандары тарапынан насихат пен
ескерту жұмыстары тұрақты жүр-
гізіледі.

– Төтенше жағдайлар департа-
ментінің қызметкерлері жергілік-
ті атқару органдарымен бірлесе
отырып, рейдтер, демалыс күн-
дері акциялар ұйымдастырады.
Әр шара барысында жадынама,
буклеттер таратылады, бұқаралық
ақпарат құралдарында, әлеуметтік
желілерде насихатталады. Департа-
ментте балалардың жазатайым
оқиғаларының 10 жағдайы тіркел-
ді, – деп атап өтті Әсем Қалдыба-
ева.

Полиция басқармасының юве-
налды полиция тобының инспек-
торы Айнуыр Ердұллаева 18 наурыз



бен 27 мамыр аралығында Қараған-
ды қаласы бойынша 7 факті орын
алғанын айтты.

– Әр жағдайда ата-аналар
Әкімшілік құқықбұзушылық ко-
дексінің 127-бабына сәйкес жауап-
кершілікке тартылды. Наурыз-ма-
мыр айларында «Қауіпсіз терезе»
акциясы ұйымдастырылды. Оған
182 білім беру ұйымы қатысты.
5 мыңға жуық ата-ананың қаты-
суымен 130 жиналыс өтті. Оның
барлығында балалардың қауіпсізді-
гі сөз болды, – дейді инспектор.

Балалар жарақатты көшеде не
мектепте, тұрмыста, жол-көлік
оқиғасы кезінде алуы мүмкін.
Оның ішінде, биіктен құлау да бар.
Жыл басынан бері аймақ бойынша
16 765 бала жарақат алған. Оның
18-і биіктен құлаумен байланысты.
Өкінішке қарай бір бала қайтыс

болды.

– Биіктен құлау кезінде әдетте
бас миы жаракаты, мыңа қан құйы-
лы, жұлынның жотасануы орын
алады. Аралас жарақаттар ішкі ағза-
лардың зақымдануына да алып
келуі мүмкін, – дейді травматол-
ог-ортопед Рахат Піржанов. –
Жұлын зақымдана, бұл мүгедек-
тікке алып келеді. Мұндай жағдай
орын алса, өтіп бара жатқан
адамдар немесе жақындары бала
ны қозғауына немесе көтеріп
алуына, сынған жері болса, түзеуі-
не болмайды. Егер бала етбетінен
жатса, мойны мен аяқ-қолын түзу,
қатты ұстап, шалқасынан жатқы-
зуға болады жедел жәрдемнің ке-
луін күту керек.

Әсем Қалдыбаева департа-
мент тарапынан көпбалалы от-



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

басыларға қауіпсіздік құралы ор-
натылатынын да атап өтті. Жыл
басынан бері сондай 60 құрал ор-
натылыпты.

– Дегенмен, барлығына орнату
мүмкін емес, – дейді ол. – Сон-
дықтан, бұл жерде жауапкершілік
бірінші кезекте ата-ана тарапынан
болуы тиіс. Орын алған барлық
жағдайлар баланың ата-ана на-
зарынан тыс қалуы, қауіпсіздік
құралының болмауы себебінен.
Сонымен қатар, жиһаз, үстел-
орындықтың терезеге жақын ор-
наласпауын қадағалау керек. Біз
өз тарапымыздан құрылыс компа-
нияларына құрылыс жұмыстарын
жүргізу кезінде қауіпсіздік ша-
раларына мән беруін сұраймыз.
Әсіресе, бұл терезелерге қатысты.
Терезе саларда қауіпсіздік блок-
тарымен салынса екен деген ті-
легіміз бар. Жалпы, ата-аналарға
балаларының өмірі мен денсау-
лығына жауапкершілікті сезініп,
қауіпсіздік құралдарын орнатуды
ескертеміз. Қайғылы жағдай кез
келген адамда, кез келген уақытта
орын алуы мүмкін. Сондықтан, ал-
дын алған дұрыс.

«Балаларға қатысты кез келген
қайғылы жағдай менің жанымға ба-
лады», – деген болатын Президент.
Бала – адамзаттың «жанды» жері.
Оған қатысты жасалған кез келген
қастандық қоғам тарапынан қатаң
сыналады. Дәл солай жазалануы
да тиіс.

Сурет ашық дереккөзден

• ЕҒІС – 2025

Береке негізі берік

Нұра ауданы – облысымыздағы егін шаруашылығы ең
басым өңір екені белгілі. Нан иісі аңқыған аудан диқандары
биыл жаздық ауыл шаруашылығы дақылдарын себу көлемін
341,7 мың гектарға жеткізеді. Бұл бытырғы егістік аума-
ғымен салыстырғанда 18,2 мың гектарға артық.

Бос жатқан жерлерді айналымға енгізу және түбегейлі
жақсартылған алқаптарды бір түрден екінші түрге ауыстыру
нәтижесінде дәнді дақылдардың алаңы қазір 298,1 мың гек-
тарға өседі. Сондай-ақ, майлы дақылдар аумағын 10 000
гектарға (бытыр 6 500 гектар болған), картопты 1 100 гек-
тарға (бытырғыдан 100 гектар артық), көкөністі 20 гектарға
жеткізбекші.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл 2 000 гектар суармалы
жер айналымға енгізіліп, алқап
көлемі 6,5 мың гектарға дейін кө-
беймек. Соның ішінде, суармалы
алқап көлемін «Байтуған» ІШҚ –
600, «Шахтер» ЖШС – 600, «Тас-
суат Агро» ЖШС – 420, «Қаракаси-
ди» ІШҚ 380 гектарға өсірмек.

Нұралықтар көктемгі дала жұ-
мыстарына тыңғылықты әзірлікпен
келді. Науқанға қажетті 33,8 мың
тонна дәнді және бұршақ дақылдар
тұқымы қамбаға құйылып, сұрып-
таудан өтті. Соның нәтижесінде
барлық тұқымын 12,1 мың тонна-
сы – 1 сынып, 12 мың тоннасы – 2
сынып, қалған 9,7 мың тоннасы 3
сынып деңгейіне жеткізілді. Одан
бөлек, тұқым сапасын жаңарту
мақсатында шаруашылықтар 1 750
тонна сатып алды.

Көктемгі егіс жұмыстарына
барлығы 386 ауыл шаруашылығы
тауарын өндіруші, оның ішінде,
360 шаруа қожалығы және 26 ЖШС
қатысады. Бұл науқанға әртүрлі мо-
дификациядағы 364 трактор, 72
егіс кешені және 1 799 тұқым сеп-
кіш тартылған. Сондай-ақ, тұқым
жеткізуге және егіс науқанына
қызмет көрсетуге қосымша 932

трактор жұмылдырылды. Егін себу
жұмысына қажетті 4 344 тонна ди-
зель отынына Gosagro.kz порталы
арқылы өтінімдер берілді. Опера-
тор «RetailTradeOil» ЖШС. Дизель
отынын жөнелту Осакаров кенті
мен Қарағанды қаласындағы мұнай
базасынан жүргізілді.

– Өңгіме болып отырған на-
уқанды сәтті өткізу үшін 50 шаруа-
шылыққа 2 миллиард 529,4 мил-
лион теңге несие берілді. Оның
ішінде, «Нұраастық» НС (несиелік
серіктестігі) 30 шаруашылыққа
1 миллиард 476,1 миллион, «Са-
рыбел» НС 2 шаруашылыққа 32
миллион теңге, «Ботақара» НС бір
шаруашылыққа 15 миллион теңге
несие берсе, 17 шаруашылық АНК
арқылы 1 миллиард 6,3 миллион
теңге иеленді.

Жердің құнарлылығын жақ-
сарту үшін ауыл шаруашылығы
тауарын өндірушілер биыл 7 шаруа-
шылық 13,6 мың тонна минерал-
ды тынайқыш, 49 шаруашылық
92,6 мың литр өсімдік қорғау
құралдарын алуға келісімшарт жа-
састы, – дейді «Нұра ауданының
егіс шаруашылығы бөлімі» ММ
басшысы Әлихан Оразбеков.

Мамандық меңгеруге мүмкіндік



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялап, «Осы кезең ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ, біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбеккөр және нағыз маман болу идеясын насихаттаттаймыз» деген болатын. Ал, нағыз маман болу үшін, әлбетте, оқып, бір кәсіп иесі болу керек.



Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл іспен елімізде колледждер ғана емес, жер-жерлердегі Мансап орталықтары да айналысады. Яғни, жұмыссыз адам осы орталықтарға өтінім беріп, қысқа мерзімді курстарда оқу барысында өзіне ұнаған жұмысшы мамандығын алып шығады.

Осы орайда Абай аудандық Мансап орталығы директорының міндетін атқарушы Ирина Әбдірахманованың айтуына қарағанда, жыл басынан бері мұнда жұмыс берушілерден 5 өтінім түскен екен. Сол бойынша аудан аумағындағы «Абай тігін фабрикасы» ЖШС, «Профстиль» ЖК, «Қызғалдақтай» ЖШС, «Екатерина» ЖК, «Мағзұмбекова» ЖК, «Қашқымбекова» ЖК

сияқты кәсіпорындарға 30 тігінші, 7 киім пішүші, 5 жөндеуші слесарь, 8 аспаз қажет көрінеді. Бүгінде содан 20 адам, соның ішінде, 13-і тігіншіге, 7-уін аспазға оқытып, даярлаудың өндіріс және оқу орындарындағы қысқа мерзімді курстарына жіберіліпті. Яғни, 6 адам «Абай тігін фабрикасы» ЖШС, 7 адам «Дедал» ЖШС өзінде оқу оқып, әрі жұмыс істеп жатса, 7 адам «Қарағанды қызмет және тағам колледжі» КММ базасында аспаз мамандығын меңгеруде. Солардың бірі Айгүл Нұрғалиева оқуы аяқталған соң осы Абай тігін фабрикасында жұмысқа қалатынын айтады.

Қысқа мерзімді курстарда оқыған мерзімінде жұмыссыздарға айына 43 мың 574 теңге стипендия төленіп, медициналық анықтама алу үшін 2 АЕК, ал, сырттан келетіндердің жол шығынына 4 АЕК және пәтер жалдауы үшін 10 АЕК мөлшерінде ақша беріледі. Оқулары біткеннен кейін олар сертификат алып, жұмысқа орналастырылады.

– Енді бізге тағы да «Аничкин» ЖК өздеріндегі жұмыс орнында 10 адамды аспазға оқытып, әзірлеуге өтінім түсіріп отыр. Алдағы маусым айында 6 жұмыссызды сонда жібермек ойдамыз, – дейді Ирина Михайловна.

Сонымен, Абай ауданындағы жұмысшы мамандықтарына сұраныс пен қажеттілік Мансап орталығы арқылы да осылай шешімін табуда.

АБАЙ ауданы

Сурет ұйымдастырушылардан

• ЖОБА

Көркем әлемге қадам

Қарағандыда «Ортау» шығармашылық орталығы ашылды. Жастар мен шығармашыл жандар арналған жаңа кеністік өз жұмысын бастайды. Бұл жоба – шығармашылыққа бейім, дарынды жастардың басын қосып, медиа, кино және анимация саласында жұмыс істеуге мүмкіндік беретін ерекше платформа.

Жобаның жетекшісі, кинематографист Арман Жақанұлының айтуынша, орталықтың басты мақсаты – өңірдегі талантты жастарға жол ашу, оларды бір ортаға біріктіру, кәсіби бағыт-бағдар беру.

– Қазіргі таңда жастар түрлі алаң іздейді. Біз сол кеністікті өз қаламызда ұсынып отырмыз. «Ортау» – шығармашылықпен айналысамын деген әрбір жасқа ашық. Біз олардың дамуына, тәжірибе жинауына, өз ойын еркін жеткізуіне мүмкіндік бермекпіз. Бұл орталықта тек жастар емес, кез келген жас шамасындағы адам қатыса алады, – дейді Арман Жақанұлы.

Әкімдік қолдауы – нақты тетіктердің бірі. Жобаның бастамасына Қарағанды қалалық әкімдігі қолдау білдіріп, арнайы ғимарат бөлген. Сонымен қатар, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету де әкімдік тарапынан қолға алынған.

– Біз бірлесіп жұмыс істейміз. Қала билігі креативті индустрияның өңір үшін

де маңызды екенін түсініп отыр. Сондықтан мұндай орталықтар – тек шығармашылықпен шектелмей, экономиканың да қозғаушы күшіне айналуы керек, – дейді жоба жетекшісі.

Анимация және қысқаметражды фильмдер – басты бағыттардың бірі. «Ортау» орталығының қызметі тек оқытумен тұйықталмайды. Мұнда қысқаметражды фильмдер, анимациялық жобалар жасалып, нақты нәтижеге бағытталған жұмыстар атқарылады. Бұл бағытта білікті мамандар тартылып отыр. Солардың бірі – Талас Оразбай, анимация саласында 15 жылдан астам еңбек етіп келе жатқан кәсіби маман. 2020 жылы жеке студиясын құрған ол осы уақытқа дейін «Айдар», «Махамбет» секілді ұлттық тақырыптағы анимацияларды жарыққа шығарған.

– Қазақ анимациясы әлі де даму үстінде. Біраз жастарға мүмкіндік берілсе, нәтиже болатыны сөзсіз. Менің шәкірттерім «Ортау» аясында ұлттық сипаттағы анимациялық фильмдер әзірлеп жатыр. Бұл – болашаққа салынған инвестиция, – дейді Талас Оразбай.

Бұл Қарағандыдан – үлкен фильмге қадам. Аталған орталықта жұмыс атқарып жатқан жастардың қатарында сценарист Инжу Ақылбек те бар. Ол Шабыт академиясын тәмамдап, соңғы төрт жылдан бері анимация саласында еңбек етіп келеді.

– Қазіргі уақытта Қарағанды қаласы бойынша анимациялық жобалар жасап жа-

тырмыз. Атап айтсақ, медицина университеті, ұлттық ойын – «Қыз қуу» тақырыбы аясында мультфильмдер дайындалуда. Болашақта Қарағандыда ауқымды анимациялық фильм түсіру жоспарда тұр, – дейді Инжу Ақылбек.

Креатив индустрия – болашақтың саласы. Жоба жетекшісі Арман Жақанұлының пікірінше, Қазақстанда креатив индустрия әлі де өз әлеуетін толық пайдаланбай отыр. Мәселен, Корея секілді елдерде бұл сала жалпы ішкі өнімнің 80 пайызын құрайды. Ал, Қазақстанда – небәрі 7 пайыз.

– Біз осы көрсеткішті арттырғымыз келеді. Ол үшін ең алдымен жастарға еркін ойлау мен әрекет етуге мүмкіндік беруіміз қажет. Қазірдің өзінде Қарқаралы мен Бектау-Ата сынды локациялар кино және анимация түсіру үшін таңдалды. Табиғатымыз да, тарихымыз да – дайын декорация. Енді соны пайдалана білсек, бізде зор өзгеріс болады, – дейді ол.

«Ортау» шығармашылық орталығының ресми ашылуында 2025 жылдың 20 қыркүйегінде ерекше жобамен қуантатындарын айтып өтті. Қазірдің өзінде орталық базасында дайындық жұмыстары жүріп жатыр. Тұсаукесер салтанатына өңір жастары, мәдениет саласының өкілдері мен қала әкімдігі қатысады деп күтілуде.

Ернат МАҚАТАЙ,

Қарағанды зерттеу университетінің III студенті

• ДІН – ДІҢГЕК

Қасиеті мол мейрам

Биыл қасиетті Құрбан айт мерекесі 6 маусымда басталады. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы бірқатар алыс та жақын мұсылман елдерінің ғұламаларымен кеңесіп, осындай пәтуа қабылдады. Маусым айының алтыншы жұлдызы сағат таңғы 06:00-де Айт намазы оқылады. Сонымен қатар, зұлхижжа айы басталды. Осы айдың алғашқы он күнінде барынша ын-тамен ғибадат етіп, көбірек ізгі істер мен жақсы амалдар жасауға тырысқан абзал дейді имамдар.



Осы он күннің ішіндегі ең қасиетті күндердің бірі – Арафа күні, яғни, зұлхижжа айының 9-шы күні. Биыл ол 5 маусымға сәйкес келеді. Бұл – қажылық парызының негізгі рәсімдерінің бірі саналатын Арафа жиналысы өтетін күн. Қажылыққа болмаған мұсылмандар үшін осы күні ораза ұстау – үлкен сауап. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с): «Арафа күнінің оразасы өткен жылғы және алдағы жылғы күнелердің кешірілуіне себеп болады», – деген.

Айт намазынан кейін Қарағандыдағы облыстық Әнет баба мешіті алаңында үлкен іс-шара өтеді. Қазақ күресінен 74 келіге дейін жастар арасында жарыс ұйымдастырылып, жеңімпаздарға 500 мың теңгеге дейінгі ақшалай сыйлықтар мен марапаттар табысталады. Сонымен қатар, мұқтаж отбасыларға арналған қайырымдылық жәрмеңкесі де ұйымдастырылмқ.

«Құрбан айт – мұсылманның ең құптарлық амалы. Бұл – тек ет тарату емес, жамағатты бірлікке, бауырмалдыққа, жомарттыққа үндейтін берекелі күн. Биыл зекет бөлімінде 1000-нан астам көпбалалы, мұқтаж отбасы арнайы тізімге алынды. Мерекенің үшінші күні 100-ден аса отбасына тек ет қана емес, азық-түлік пен киім-кешек те жеткізілетін болады», – дейді Қарағанды облыстық «Әнет баба» мешітінің ұстазы, Шариғат және пәтуа бөлімінің Қарағанды облысы бойынша жауапты маманы Юсупбек Шұғай.

Имамдар сонымен қатар соңғы жылдары кең таралған бір мәселеге тоқталды: «Құрбан шалмай, ақшасын садақа етіп тарату – құрбандықтың үкімін орындау болып есептелмейді. Себебі, құрбандық тек садақа емес, нақты мал шалууды талап ететін құлшылық», – деп нақтылады Қарағанды облыстық «Әнет баба» мешітінің наиб имамы, Дін істері және талдау бөлімінің жауапты маманы Құмар Қоныскерей.

Құрбандық шалғаннан кейін, етті бөліп таратудың да өзіндік тәртібі бар. Шариғат бойынша, құрбандық еті үшке бөлінеді: бірінші бөлігі – отбасының өзіне қалдырылады, екінші бөлігі – туыстар

мен қонақтарға дастарханға тарту етіледі, ал үшінші бөлігі – мұқтаж жандар мен көмекке зәру отбасыларға таратылады. Бұл – Құрбан айттағы әлеуметтік теңдікті көздейтін ізгі амалдардың бірі.

«Құран Кәрімде «Хаж» сүресінің 34-аятында құрбандық шалу жайында баяндайды. Аятта айтылғандай, құрбандыққа шалуға болатын мал түрлеріне қой, ешкі, сиыр және түйе жатады. Бұл малдардың жасы мен денсаулығы шариғат талаптарына сай болуы тиіс. Атап айтқанда, қой мен ешкі кемінде 1 жаста болуы керек, сиыр – 2 жасқа толған, ал түйе – 5 жастан асқан болуы қажет. Жылқы малы құрбандыққа жарамсыз болып есептеледі. Бұл – Алланың бұйырған шарты. Алайда, бұл жылқы етін жеуге болмайды дегенді білдірмейді. Жылқы – күнделікті тұтынуға рұқсат етілген мал түрі, тек құрбандық ретінде шалуға болмайтын жануар болып саналады», – дейді Қоныскерей Құмар.

Сонымен қатар, халыққа, әсіресе үлкен қалаларда тұратын жамғатқа оңтайлы болу үшін биыл да құрбан шалу офлайн және онлайн форматта www.qurban.muftyat.kz сайты арқылы жүзеге асады. Айта кетсек, онлайн түрде құрбан шалам деушілер сайт арқылы құрбандық малын таңдап, Kaspi QR арқылы қажетті қаражатты аудару алады. Тапсырысыңыз сотті өтсе ұялы телефоныңызға смс хабарлама келеді. Құрбандық шалынған соң оның фото және бейне есебі тапсырыс беруші нөмірге жіберіледі.

Осы орайда имамдар еліміздегі барша шаруа қожалықтарының қожайындарын мал құнын қолдан көтермей, халыққа оңтайлы бағаны ұсынуға шақырды.

Қарағанды қаласында құрбан шалатын орындар мынандай мекенжайда белгіленген: Резник көшесі 18, Гоголь көшесі 2/23, С.Сейфуллин көшесі 53. Аталған орындар санитарлық талаптарға сай жабдықталған.

Гүлім НЕСІПБЕКОВА, Қарағанды зерттеу университетінің II курс студенті

Сурет ұйымдастырушылардан

Террикон алқабында табыс бар

Қазіргі жаһандану дәуірінде елдердің экономикалық дамуы мен тұрақтылығы тікелей инвестиция көлеміне байланысты. Инвестиция – болашақта табыс немесе пайда алу мақсатында қаражат, ресурс, уақыт жұмсау. Ол жеке адамның да, мемлекеттің де экономикалық, әлеуметтік дамуына әсер етеді. Қазіргі таңда инвестиция тек бизнеске емес, білімге, жастарға, денсаулыққа бағытталып, ұзақ мерзімді нәтиже көздейді. Жастарға инвестиция салу – қоғамның тұрақты дамуына жол ашатын маңызды қадам. Осыны жүзеге асыруға көмек беретін Қарағанды қаласындағы ірі компаниялардың бірі – «Террикон алқабы». Александр Дорошинко бастаған топ Қазақстанда, әсіресе, Қарағанды қаласында IT саласына жол ашуда.

22 мамыр мен 1 маусым аралығында облыста Балаларды қорғау күніне орай «Қазақстан балалары» ұлттық акциясы өтті. «Отбасы – тәрбие бастауы!» ұранымен өтетін бастама білім беру, мәдени және цифрлық бағыттағы іс-шараларды біріктіріп отыр. Солардың бірі – «Цифрлық мамандықтар қаласы» эстафетасына қатысушы «Террикон алқабы». Компания IT-дан бөлек, дизайн, маркетинг, бизнес бағыттарын қамтиды. Дәріс сабақтары, ағылшынша ворк-шоптар мен айына бір рет өткізілетін конференцияларға қатысушылардың жас ерекшеліктеріне шектеу жоқ. Халықаралық балаларды қорғау күніне орай компания, сондай-ақ, ашық есік күнін өткізді. Іс-шарада жастарға арнап қала тарихы мен компания бағыт-

тарының жұмыстары бойынша экскурсия ұйымдастырылды.

Қатысушыларды әрқайсысы 4-6 адамнан тұратын шағын командаларға бөлді. Әр командаға нағыз стартаперлер пайдаланатын құрал – Business Model Canvas үлгісі берілді. Тапсырма – мектеп өміріндегі өзекті бір мәселені таңдап, оған цифрлық шешім ұсыну. Мысалы, ұсынылған мәселелер қатарында «Оқу қызықсыз», «Қаламызды жоғалтып аламын», «Дене шынықтыру формасын ұмытып кетемін» дегендер болды. Балалар бұл мәселелерге мобильді еске салғыштар, оқуға арналған ойын-қосымшалар, мектеп заттарына арналған QR-белгілер арқылы шешім ұсынды. Қатысушылар команда ішінде логотип пен атау ойлап тапты, тіпті, монетизация

әдістерін де анықтады.

Жоба бойынша жұмыстарын аяқтаған соң командалар идеяларын басқа қатысушыларға таныстырды. Әр топқа 1-2 минут берілді. Мұнда ешқандай жарыс элементі болған жоқ. Жастар бір-бірін қолдап, қошемет білдірді. Нағыз кәсіпкерлік орта сияқты, бұл жерде де басты мақсат – жеңу емес, командамен жұмыс істеуді үйрену, креативті ойлауды дамыту, өз идеяңды дұрыс жеткізе білу.

– Біз балаларға технологиялар – бұл алыстағы немесе күрделі нәрсе емес, керісінше, айналамыздағы нақты мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін құрал екенін көрсеткіміз келді. Сонымен қатар, балалар тек гаджеттерді пайдаланып қана қоймай, цифрлық өнімдердің қалай жасалатынын түсінсе екен дейміз. Дәл осындай ойындарда технологияларға деген қызығушылық және идеялардың шындыққа қалай айналатынын түсіну қалыптасады, – дейді «Террикон алқабының» event-бөлімінің жетекшісі Ангелина Саратовкина.

«Нөлден басталған стартап» жобасы оқушылар үшін болашаққа көз жүгірту мүмкіндігіне айналды. Бұл болашақта олар тек тұтынушы ғана емес, сонымен қатар жасаушы болатынын көрсетеді. Қа-

тысушылардың бірі сол күні өзінің болашақ мамандығына, ертеңгі әлемді өзгертуі мүмкін цифрлық жобасына алғашқы қадам жасады. Ал, бұл қадамды жасауға «Террикон алқабының» инкубатор жобасы көмектесті. Жалпы жоба жаңа бастамаларды, халыққа қызметі бар қызықты ойлар мен стартаптарды қаржыландыруға арналды. Ангелина Саратовкинаның айтуынша, компания тек жаңа идеяларды ғана емес, тоқтап қалған, табыс әкелмей тұрған бизнес идеяларға да қолдау көрсетеді. Ол үшін акселератор жобасына қатысып, әркім өз жобасын қорғап шықса жеткілікті.

– Біз «Террикон алқабының» жұмысымен таныстық. Қала тарихы, жаңадан салынған зауыттар, компанияның жұмысы туралы көп ақпарат айтылды. Маған компанияның бизнес және IT бағыты қатыунады. Болашақта бизнес жобаларға қосылуды жоспарласақ, «Террикон алқабы» бізге сенімді серіктес бола алады. Онда қажетті қолдау мен мүмкіндіктер бар, – деп өз ойын білдірді Ы.Алтынсарин атындағы №101 мектептің 8-сынып оқушысы Дүйсен Камилла.

«Цифрлық мамандықтар қаласы» эстафетасы аясындағы тапсырмаларды орындау кезінде қатысушылар идеяларды іздеп, демеушілер тарту жолдарын

қарастырып, тапсырыс берушілерге арналған таныстырылымдар әзірледі. Жастарына қарамастан, командалар өздерін нағыз стартап иелері ретінде сезіне алды. Шынайы өмірде қолдануға болатын шешімдер ұсынды. Бұл бастама әлі де жалғасын табады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауы мен демеушілігі арқылы алдағы уақытта өткізілетін жобалар көп. Оның ішінде, IT мамандарына арналған 2 күндік жоба таанда, 15 күндік интенсив күрс өткізу секілді пункттер бар.

Қатысушылар «Террикон алқабы» – тек бүгінгі емес, ертеңгі инновациялық Қазақстанның іргесін қалайтын бастамалардың бірі әрі бизнес бастау мен дамытуға таптырмас мүмкіндік екенін атады. Бұл жоба жас бұынға идеяларын жүзеге асырып, кәсіпкерлік әлеміне алғашқы қадам жасауға мүмкіндік береді. «Нөлден басталған стартап» сияқты жобалар арқылы оқушылар өздерін нағыз авторлар, болашақ кәсіпкерлер ретінде сезініп, тәжірибе жинады.

Сая СЕРІКБАЙ, Қарағанды зерттеу университетінің II курс студенті



● ГИМНАСТИКА

Батутта басым түсті

Қарағандыдағы «Жастар» спорт кешенінде батуттық гимнастикадан VI жастар спорт ойындары өтті. Үш күнге созылған байрақты бәсекеге елдің тоғыз өңірінен 200-ден астам спортшы қатысты. Ашылу салтанатында облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Серік Сәпиев арнайы қатысып, спортшыларға жылы лебізін білдірді.



Батут гимнастикасы – жастар арасындағы танымал спорт түрі. Бүгінде түрлі деңгейдегі турнирлер өткізілуде. Бірақ, дәл осы жастар спорт ойындары елімізде төрт жылда бір мәрте өткізіледі екен. Жалпы, бұл дода үш бағдарлама бойынша өтті. Яғни, батут, акробатикалық жолақ және қос минитрамп аталымында сынға түсті. Төрешілер спортшылардың жаттығуды орындау техникасына, секіру биіктігі мен элементтерінің күрделілігіне қарай бағалап, жүлделі орындармен марапаттады.

– VI Жастар спорт ойындарының ашылуымен баршаңызды құттықтаймын. Бұл – үлкен спорт-

тық оқиға. Танымал спортшымыз Данил Мусабаев жас гимнасттарды қолдау үшін ұлымен бірге келіп отыр. Баршаңызға тек республикалық деңгейде ғана емес, халықаралық аренада да сәттілік тілеймін, – деді Серік Жұманғалиұлы.

Қарағанды спортшылары аталған спорт түрінен үнемі үздіктердің қатарынан көрініп жүр. Тіпті, командалық есепте де жүлдегерлер санатынан түскен емес. Солардың қатарында жерлесіміз Екатерина Кажмекина да бар. Спортшы осы бәсекеде 17-21 жас санатында өнер көрсетіп, алтыннан алқа тақты.

– Осы спорт түріне мені ата-анам алып келді. Ол кезде мен бес жаста едім. Содан бері бірнеше жарысқа қатысып, жүлделі орындардан көріндім. Жетістіктерім аз емес. Өрине, осы спорт түріне бауылған әке-шешеме алғысымды білдіремін. Бұл – менің соңғы әрі бірінші турнирім емес. Алдағы уақытта әлі де бәсекелер болады. Соған дайындаламын. Осы жарыста шамалы қобалжыдым. Бірақ, жаттықтырушымынның нұсқауымен жұмыс істедім. Командам үшін, әрі ата-анамның үміті үшін барымды салдым, – деді спортшы.

Ал, 12 жастағы қарағандылық Александра Лямкина – спорт ше-

берлігіне үміткер. Жас спортшы спортшылар әулетінде дүниеге келген. Анасы – көркем гимнастикада, әкесі – жүзмен айналысады екен.

– Гимнастика үйірмесіне осыдан алты жыл бұрын мені анам алып келді. Осы уақыт аралығында түрлі жарыстарға бардым. Астана қаласында өткен Қазақстан чемпионатында батуттан I орынды иелендім. Өзім батут пен қос минитрамп бойынша өнер көрсеттім, – деді ол.

Жарысқа келген Өскемен құрамасының спортшылары да үздік нәтиже көрсетті. Солардың қатарында Манат Адал да бар. Ол 15-16 жас санатында жеңімпаз атанды.

– Бұл – менің байрақты бәсекеден алған ең бірінші жүлдем. Себебі, дәл осы спорт түрінен мұндай ауқымды жарыстар әр төрт жылда бір-ақ рет өткізіледі. Жарыс кезінде қатты қобалжыдым. Дегенмен, команда үшін бар күш-жігерімді салдым. Осы спортқа әкем мені төрт жасымда алып келді. Басында барлығы қиын еді. Уақыт өте келе, барлық тәсілді меңгеріп алдым, – дейді өскемендік спортшы.

Жарыс қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте облыс құрамасы үздік атанды. Қарағандылықтар қоржынға 12 алтын, 12 күміс және 14 қола медаль салды. Ал, одан кейінгі сатыда – Павлодар спортшылары. Үздік үштікті Шығыс Қазақстан облысының спортшылары түйіндеді.

Шынар ЖҰМАЖАН,
Қарағанды зерттеу университетінің
II курс студенті

Суретті түсірген автор

● ҮСТЕЛ ТЕННИСИ

Ташкентте топ жарды

Үстел теннисінен Өзбекстанның Ташкент қаласында өткен «WTT Youth Contender Tashkent 2025» халықаралық турнирі өткен болатын. Байрақты бәсекеде Ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен спортшылар жеті медаль еншіледі. Ал, жерлесіміз Алан Құрманғалиев 19 жасқа дейінгі санатта алтын медаль жеңіп алды.



Сурет ашық дәреккөзден

Аралас жұптық сында өнер көрсеткен Абдулла Мамай мен Ноила Ханиязова 19 жасқа дейінгі санатта үздік атанды. Ал, 11 жасқа дейінгілер арасында бақ сынаған Аделя Алжанова жеке-лей сында топ жарды.

11 жасқа дейінгі санатта бақ сынаған Назерке Болатбек чемпионаттың күміс жүлдегері атанды. Ал, Дарья Гамова (19 жасқа дейін), Алексей Маркин (15 жасқа дейін), Жәния Бекмұхамбетова (13 жасқа дейін) қола жүлдеге қол жеткізді.

Қарағанды спортының бүгінде тынысы кең. Бұған дәлел – осы өңірден түлеп ұшқан чемпиондар мен халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері. Облыста үстел теннисінен бөлек, бокс, күрес, хоккей, шахмат және жеңіл атлетика секілді спорт түрлері қарқынды дамып келеді. Әсіресе, балалар мен жасөспірімдер спорт

мектептерінде жаңа буын спортшылардың тәрбиеленіп жатқаны көңіл қуантады. Ал, Алан Құрманғалиев – сол жүйелі еңбектің айқын жемісі.

Ташкенттен олжалы оралған спортшыларымыздың жеңісі – үлкен еңбек. Яғни, елімізде, оның ішінде Қарағанды өңірінде үстел теннисінің өркендеп келе жатқанын көрсетеді. Бүгінде Аланның есімі халықаралық деңгейдегі жарыстардың жүлдегерлері қатарында жиі аталып жүр.

Айта кету керек, Алан Құрманғалиев – ел тарихында жастар арасында әлем чемпионы атанған тұңғыш спортшы. Ол 2022 жылы Тунисте өткен жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында топ жарып, Қазақстанның қоржынына алтын медаль салған еді.

Өз тілшімізден

● БӘРЕКЕЛДІ!

Қыздарымыз қара үзді

Әйелдер күресінен облыс құрамасы Қазақстан кубогында жалпы есепте көш бастап, аймақ абыройын асқақатты. Облысымыз бұрын-соңды мұндай жеңіске жетпеген. Дода 26-29 мамыр күндері аралығында Астана қаласында өтті. Спортшылардың қанжығасында бес медаль. Үшеуі алтын.



Сурет ашық дәреккөзден

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысының құрама командасы жалпы 110 ұпай жинады. Екінші орында – Алматы (105 ұпай), үшінші орында – Ақмола облысы (104 ұпай).

Алтын медальді 53 келі салмақ дәрежесінде белдескен Ирина Жәнібекова мен 55 келіде күрескен Зульфия Яхьярова және 76 келіде аймақ намысын қорғаған Эльмира Сыздықова иеленді. 55 келі салмақ дәрежесінің күміс медалін Ангелина Первухина, 62 келі салмақ дәрежесінің қоласын Гүлдана Бекеш алды.

Облыс құрамасының жаттықтырушысы Владислав Сутормин спортшыларымыз боз кілемде жоғары деңгейде күрескенін айтты.

– Облысымыздан 13 спортшы барды. Бесеуі үздіктер қатарына енді. Жаттығуларымыз Қарағандыда өтті. Спаррингтерге де, жаттығу залдарына да көмектескен барлық жаттықтырушыларға алғысымды білдіремін! Оқу-жаттығу жиындары жемісті болды. Командалық жұмыс осындай нәтиже берді. Спортшыларымыз бабында. Бұл – қыркүйек айында Хорватияда өтетін әлем чемпионатына іріктеу кезеңдерінің бірі. Біздің қыздарымыздың оған мүмкіндігі бар, – деді жаттықтырушы Владислав Сутормин.

Алда бір айдан кейін Түркияда халықаралық турнир өтпек. Одан кейін рейтингтік турнирлер де жалауын көтереді. Осы додаларда үздік болғандар әлем чемпионатының жолдамасын алады.

Олардың нәтижесі бойынша әлем чемпионатына жолдамалар ойнатылады.

● ФУТБОЛ

«Шахтер» шаң қапты

Қарағандылық «Шахтер» клубы Қазақстан Бірінші Лигасының VIII турында сүрінді. Маусым басталғалы жеңіліссіз келе жатқан жерлестер бұл жолы сырт алаңда өскемендік «Алтай» клубына есе жіберді. Осылайша, жеңісті ұысынан шығарып алған олар үш ұпайдан қағылып, турнирлік кестеде бір саты төмен сырғыды. Яғни, 17 ұпаймен III орынға төмендеді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алаң иелерінің көрсеткіші – жаман емес. Соңғы жеті турда тек жамбылдық «Тараз» клубымен өткен ойында ұпай жоғалтқан. Одан бөлек, «Ақтөбе жастары» мен «Екібастұз» командасымен тең түсіпті. Дегенмен, салыстырмалы тұрғыда жерлестер тәжірибе жағынан жеңуі керек-ті. Бірақ, біз ойлағандай болмады.

Алғашқы болып алаң иелері есеп ашты. Ойынның 15-ші минутында шабуылшы Сергей Хижниченко көзге түсті. Аланның оң қапталынан қорғаушыларды алдап өткен Ибрагим Дадаев ортаға пас асырған. Осы тұста Сергей орнынан табылып, еш қиындықсыз қақпаға соққы жасады. Өкінішке қарай, қақпашы Игорь Шацкий бұл соққыға төтеп бере алмады.

Дегенмен, жерлестер бұнымен тоқтап қалмады. Ойынның 28-ші минутында шабуылшы Арман Нүсіп қарсылас қақпасын бетке алды. Бірақ, қорғаныш шебіндегі қорғаушы алдынан кесе-көлдененінен шыққан соң, допты алаңның орта тұсына асырды. Осы сәтте қарсылас қорғаушылары допка бірінші жеткенімен, допты ұысынан шығарып алды. Ал, оң жақ қапталда жүрген Рифат Нурмутагет қақпаға соққы бағыт-



тап, таразы басын теңестірді.

Екінші айналымда жерлестер тарапынан шабуыл үздіксіз жасалды. Бірақ, тепкен добы әріптестеріне жетпей қалып жатты. Одан бөлек, қарсылас қақпашысы Әбілхайыр Әлиакбар допка бірінші жетіп, шабуылға нүкте қойып отырды.

64-ші минутта алаң иелері шабуылға шықты. Алаң ортасынан қақпаға асырылған допка Әділет Омарбек бірінші болып жетуге ұмтылған еді. Осы тұста жерлестер сапынан қорғаушы Александр Мигунов та айып алаңына енген допты кері қайтармақ болды. Бірақ, Әділетке қарсы ойын ережесі бұзылды. Ал, бұл –

11 метрлік айып соққысы. Өскемендіктер сапынан айып добын Ибрагим Дадаев орындап, командасына жеңіс сыйлады. Ал, жерлестерге таразы басын теңестіруге сан мүмкіндік болғанымен, сүренсіз ойын көрсетті.

Сегіз ойынның қорытындысы бойынша 21 ұпаймен көш басында – ақтаулық «Каспий» клубы тұрақтады. Ал, екінші сатыда үш ұпай айырмашылығымен павлодарлық «Ертіс» клубы тұр. Енді жерлестер маусымның 13-інде өз алаңында алматылық «AKAS» клубын қабылдайды.

Клубтың баспасөз қызметінен

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53

Бас редактордың орынбасары: 43-58-08

Интернет-редакция редакторы: 43-38-33

Жауапты хатшы: 43-49-72

Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к.і, Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ый.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJBKZXX БИН 000840001412

Тарапымы 4 729
№59 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды к., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ерік НАРЫН